

«Өнер» пәні бойынша тест спецификациясы

1. Тест мақсаты

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарында (бұдан әрі – ДББҰ) «өнер мұғалімі» лауазымына конкурс өткізу барысында «Өнер» пәні бойынша білім, білік және дағдыларын бағалау.

2. Тестілеу өткізуге негіз болатын нормативті құжаттар

2023 жылдың 10-тамызында ДББҰ Басқармасы шешімімен бекітілген (№37 Хаттама) білім беру қызметін жүзеге асыратын «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы филиалдарының бос лауазымдарына орналастыруға конкурс өткізу және педагогтердің кадр резервін қалыптастыру Ережесі.

3. Тест тапсырмаларының мазмұнын анықтайтын құжаттар:

1. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
2. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
4. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Көркем еңбек қыздарға арналған» пәнінен жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламасы.
5. Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Көркем еңбек ұлдарға арналған» пәнінен жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламасы.
6. 5B010700 – Бейнелеу өнері және сызу мамандығы бойынша оқу бағдарламасы.
7. 5B012000 – Кәсіптік оқыту мамандығы бойынша білім беру бағдарламасы.

4. Ұсынылатын әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі.
2. 2005 жылдан кейін шығарылған жоғары оқу орындарына арналған мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдеріндегі әдебиеттер мен ресурстар.

5. Тест тапсырмаларының мазмұны:

№	Бөлім	1-модуль	2-модуль	3-модуль	Барлығы
1	Ежелгі дүние өнері	2	-	-	2
2	Ежелгі өнер	3			3
3	Орта ғасыр өнері	1	-	-	1
4	Қайта өрлеу дәуірі өнері	2			2
5	Барокко және рококо	1	-	-	1
6	Реализм, романтизм және классицизм	1	-	-	1
7	Импрессионизм және постимпрессионизм	2	-	-	2
8	Қазақстанның бейнелеу және қолданбалы өнері	3	-	-	3
9	Бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары мен техникасы	-	5	-	5
10	20-ғасыр өнері	-	-	5	5
Барлығы		15	5	5	25

6. Тест құрылымы, бағалануы және ұзақтығы

Тест мүмкін болатын бес нұсқаның бір дұрыс жауабы бар 25 тапсырмадан тұрады. Тест үш модульден тұрады.

Модуль	Сипаттамасы
1-модуль (базалық деңгей)	Классикалық өнер туындыларын, қазақстандық суретшілердің шығармашылығын білуді тексеруге бағытталған базалық деңгейдегі тапсырмалар.
2-модуль (ілгері деңгей)	Бейнелеу өнерінің әр түрлі типтегі, жанрдағы және техникадағы шығармаларды талдау қабілетін тексеруге бағытталған ілгері деңгейдегі тапсырмалар.
3-модуль (жоғары деңгей)	20 ғасырдың басындағы өнер туындыларын талдауға бағытталған жоғары деңгейдегі тапсырмалар.

«Ежелгі әлем өнері» бөлімі:

Ежелгі Мысыр өнері, ежелгі Месопотамия өнері.

«Ежелгі өнер» бөлімі:

Ежелгі Грек өнері, Ежелгі Рим өнері.

«Ортағасырлық өнер» бөлімі:

Романдық стилі және готика.

«Қайта өрлеу дәуірі» өнері:

Ерте, жоғары және кеш қайта өрлеу .

«Барокко және рококо» бөлімі:

Барокко және рококо заманының өнері.

«Реализм, романтизм және классицизм» бөлімі:

Реализм, романтизм және классицизм өнері.

«Импрессионизм және постимпрессионизм» бөлімі:

Импрессионистік және постимпрессионистік суретшілердің шығармашылығы.

«Қазақстанның бейнелеу және қолданбалы өнері» бөлімі:

Қазақстанның бейнелеу өнері, сәндік-қолданбалы өнер.

«Бейнелеу өнерінің түрлері, жанрлары мен техникасы» бөлімі:

Графика, кескіндеме, мүсін, сәулет, сәндік-қолданбалы өнер.

«20 ғасыр өнері» бөлімі:

Фовизм және экспрессионизм, кубизм, абстракционизм, сюрреализм, поп-арт.

Тест орындау уақыты – **40 минут**.

Педагогикалық өлшеулер орталығы тестілеу нәтижелерін өңдеуді әр тапсырманың күрделілік деңгейін анықтайтын және теңестірілген ұпай бойынша тестінің қорытынды ұпайындағы үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометрикалық талдау арқылы жүзеге асырады. Бұл тәсіл нәтижелерді объективті және шынайы бағалауды қамтамасыз ететіндіктен, **апелляция жүргізілмейді**.

Тестіден өту үшін шекті деңгей максималды ұпайдың **60%** құрайды.